

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты,

ассоц. профессор

Р. Юнусов

“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

**Тақырыбы** «Оқытушылар құрамының конкурсы» веб қосымшасы

**Мамандығы** 5B070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

Орындаған

Зәкір К.Т

Ғылыми жетекші  
техн. ғыл. магистрі,  
лектор

І.Н. Ерсари

“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2020 ж.

Алматы 2020

## Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Зәкір Кенесары Тәжібайұлы, Ерсари Іңкәр Нұрхатқызы

**Название:** Веб қосымша - оқытушылар құрамының конкурсы

**Координатор:** Жибек Алибиева

**Коэффициент подобия 1:0**

**Коэффициент подобия 2:0**

**Замена букв:4**

**Интервалы:0**

**Микропробелы:0**

**Белые знаки: 0**

**После анализа Отчета подобия констатирую следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....  
.....

*Дата*

*Подпись Научного руководителя*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

5B070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі  
тех. ғыл. кандидаты,  
ассоц. профессор

\_\_\_\_\_ Р.Юнусов  
“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Зәкір Кенесары Тәжібайұлы

Тақырыбы «Оқытушылар құрамының конкурсы» веб қосымшасы

Университет Ректорының 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_-б бұйрығымен бекітілген  
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2020 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Ұсынылатын дипломдық жобада  
«Оқытушылар құрамының конкурсы» үміткер оқытушыларға конкурс  
жариялайтын веб-қосымша жасау.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Технологиялар бөлімі;

в) Жобаны талдау бөлімі;

г) Жоба құрылым бөлімі;

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)  
Жобаның презентациялық 15 слайды ұсынылған

Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 әдебиеттер тізімімен.

Дипломдық жұмысты дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Орындалған жөніндегі белгі
1. Дипломдық жоба тақырыбына байланысты әдебиеттерді іздеу және талдау, дипломдық жұмыстың негізін рәсімдеу	24.01.2020	
2. UML модельдеу тілі арқылы дипломдық жұмысты жобалау	05.02.2020	
3. Дипломдық жобаның веб қосымшасын дайындау және іске асыру	21.02.2020	
4. Жобаны диплом алды есеп алу комиссия мүшелеріне таныстыру, ескертулерін түзеу және қорытындылау.	27.04.2020	
5. Қосымша материалдар мен презентацияны дайындау	01.05.2020	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған  
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Бағдарламалық бөлім	Куникеев А. Техн. ғыл. магистрі, сениор-лектор		
Нормалық бақылаушы	Марғұлан Қ. Техн. ғыл. магистрі, лектор		

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ І.Н. Ерсари

Тапсырманы орындауға алған білім алушы \_\_\_\_\_ К.Т. Зәкір

Күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты

Мамандығы 5B070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

Зәкір Кенесары Тәжібайұлы

Дипломдық жұмыс

**Тақырыбы:** Оқытушылар құрамының конкурсына арналған веб-қосымша

### **ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ШІКІРІ**

Диплом жобасын жасаушы Зәкір Кенесары алдына оқытушылар құрамының конкурсына арналған веб-қосымша жасау тапсырмасы қойылған.

Дипломдық жобада үміткер оқытушылардың өтініштерін қабылдау, модерациядан өткізу, дауыс беру арқылы конкурстан өткізу және конкурс нәтижесін шығару процесстерін үйлестіретін кешенді веб қосымша құрылған.

Жұмыс барысындағы басты мәселелер: өтініштерді электронды түрде жіберу және қабылдау, оқытушылардың өтініштерін мұқият модерациядан өткізу, кадрлар бөлімі мен үміткер оқытушылардың байланысын қамтамасыз ету, онлайн түрде үміткерге дауыс беру және конкурс нәтижелерін дереу шығаруды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл өз кезегінде университет пен болашақ оқытушылар арасындағы уақыт ресурсын үнемдеуде таптырмас веб қосымша бола алады.

Менің пікірімше, диплом жазушы алдына қойылған тапсырманы толығымен орындады және ақпараттық жүйелердің заманауи технологияларын меңгергендігін көрсетті.

Жоба жетекшісі ретінде бұл дипломдық жобаны өз деңгейіне сәйкес деп есептей отырып Зәкір Кенесарыға 5B070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «Техника және технологиялар бакалавры» академиялық дәрежесін тағайындауға болады деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші:** «Программалық инженерия» кафедрасының лекторы  
\_\_\_\_\_ І.Н. Ерсари

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 жыл

## АҢДАТПА

«Оқытушылар құрамының конкурсы» веб қосымшасын құру жобасында жоғарғы оқу орнына үміткер оқытушылардың өтініштері электронды түрде қабылданып, мұқият модерациядан өту арқылы комиссия мүшелерімен сұқбаттасуға шақырылады.

Дипломдық жұмыс кіріспеден, негізгі үш бөлімнен және қорытындыдан құрылған:

Кіріспеде жалпы тақырыптың өзектілігі ашылып, жобаның басты мақсаты мен тапсырмасы айқындалды.

Бірінші бөлімде оқытушылардың өтініштерін қабылдау процесстері, сонымен қатар конкурс өту сатылары мен модерация кейінгі іс-әрекеттер жазылды.

Екінші бөлімде «Оқытушылар құрамының конкурсы» веб қосымшасына UML модельдеу тілі арқылы диаграммалар келтіріліп, жобада қолданылған бағдарламалар мен бағдарламау тілдері туралы кеңінен жазылған. Дипломдық нарықтағы соңға веб технологиялармен жасалынды.

Үшінші бөлімде жоба құрылымы сипатталған және веб қосымшаның барлық интерфейстерінің скриншоттары бейнеленген.

«Оқытушылар құрамының конкурсы» түсініктемесі жалпы 38 бет, оның ішінде 20 сурет, 1 қосымшадан тұрады. Жұмысты жазуға 32 әдебиеттер мен мақалалар қолданылды.

## АННОТАЦИЯ

В проекте «Конкурс преподавательского состава» заявки преподавателей-кандидатов в высшие учебные заведения принимаются в электронном виде и приглашаются для обсуждения с членами комиссии путем тщательной модерации.

Дипломный проект состоит из введения, трех основных разделов и заключения:

В введении рассмотрена актуальность общей темы, определены основные цели и задачи проекта.

В первой части изложены процессы приема заявлений преподавателей, а также этапы проведения конкурса и дальнейшая действий модерации.

Во второй части приведены диаграммы на языке UML к веб приложению "Конкурс преподавательского состава", где предусмотрены основы работы с используемыми в приложении средами и языками программирования. Проект был разработан с помощью нескольких технологий.

В третьей части описана структура проекта и изображены скриншоты всех интерфейсов веб-приложения.

Объяснение "Конкурс преподавательского состава" состоит 38 из страниц, из них 20 рисунков, 1 приложение. К написанию работы использовались 32 литературных статей.

## ANNOTATION

In the project “Competition of teaching staff”, applications of teachers-candidates for higher educational institutions are accepted in electronic form and are invited for discussion with members of the commission through thorough moderation.

The graduation project consists of an introduction, three main sections and a conclusion:

In the introduction, the relevance of the general topic is considered, the main goals and objectives of the project are determined.

The first part outlines the processes for accepting teachers' applications, as well as the stages of the competition and further moderation actions.

The second part contains diagrams in the UML language for the web application "Competition of the teaching staff", which provides the basics of working with the programming environments and languages used in the application. The project was developed using several technologies.

The third part describes the structure of the project and shows screenshots of all interfaces of the web application.

The explanation "Competition of the teaching staff" consists of 38 pages, 20 of them are drawings, 1 appendix. By writing, the work used 32 literary articles.



## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	10
1	Негізгі бөлім	11
1.1	Жобаның өзектілігі	11
1.2	Веб қосымша жасаудың негіздері	11
1.3	Өтінішті қабылдау процессіне шолу	12
1.4	Жүйені модельдеу	13
1.5	Ұқсас бағдарламаға шолу	14
2	Технологиялар бөлімі	16
2.1	MEAN stack веб қосымшасы	16
2.2	MongoDB кроссплатформалық деректер базасы	17
2.3	Express.js фреймворкі	18
2.4	Angular 2.0 фреймворкі	19
2.4.1	Angular 2.0 қосымшасының архитектурасы	20
2.5	Node.js серверлік платформа	21
2.6	Pusher.js нақты уақыттағы деректер және Chart.js	22
3	Жоба құрылымы	23
3.1	«Satbayev Hunters» жобасы туралы	23
3.2	Веб қосымша интерфейстері	23
	Қорытынды	31
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	32
	А Қосымшасы. Техникалық тапсырма	33
	Б Қосымшасы. Бағдарлама мәтіні	37
	Спецификация беті	43

## КІРІСПЕ

Қазіргі технологиялардың қарқынды даму сатысында әрбір адамның дүниежүзілік желіге шығатын компьютері бар. Бұл ғаламторда ұсынылған, өзекті ақпаратты пайдаланушылар үшін оңай қол жетімді етеді және кез келген мақсаты орындау үшін қолданылады. Бұл өз кезегінде интернеттегі веб қосымшалар арқылы жүзеге асады. Веб қосымша (веб сайт) – белгілі бір ақпараттарды тарату үшін немесе қызмет көрсету сервистерін ұсынатын ғаламторда жарияланған бағдарламалық қосымша. Веб қосымшалардың негізінде қандайда бір кәсіпорынның қызмет көрсету сапасын арттырып, ақпарат беру немесе ғаламтор арқылы сауда жасау мақсатында құрылатын қосымшаларды айтуға болады. Angular десктопты немесе мобильді веб қосымшаларды жасауға арналған Javascript программалау тілінің фрейворкі.

Оның бір-беттік қосымша (single page application (SPA)) жасауға немесе қосымша компоненттерінің бір-бірімен динамикалық түрде байланысуына мүмкіндік беретін артықшылықтары бар болғандықтан, Javascript бағдарламаушыларының арасында көп пайдаланылатын фреймворк болып табылады. Сол себепті “Satbayev Hunters” вакансияға өтініш қалдыру веб қосымшасы Angular фреймворкінде құрылды.

Веб қосымшаның негізгі аудиториясы – білікті мамандар, яғни “Satbayev Hunters” веб қосымшасы арқылы белгілі бір мамандықты тандап, университеттің кадр бөліміне жеке өтінішін және резюме құжаттарын үміткер ретінде жіберуге арналған.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: Сәтбаев Университетінде жұмыс істегісі келетін үміткер білікті мамандардың өтінішін және құжаттарын электронды түрде қабылдап, комиссия мүшелеріне бір жүйе арқылы үміткерге дауыс беру болып табылады.

Дипломдық жоба өзектілігі: “Satbayev Hunters” веб қосымшасы өтініш беруші үміткер мен кадр бөлімінің арасындағы өтініш беру формасын электронды форматқа көшіру болып табылады. Бұның бірқатар артықшылықтарына көз жеткізуге болады, біріншіден үміткер мен кадр бөлімі арасында қағаз ресурсін үнемдеуге көмектеседі, екіншіден үміткер университетке келмей қашықтықтан өтініш бере алады, яғни үміткер өз уақытын құртпайды. Өтініш беру жүйесі білімді мамандардың университетімізде көп болуына және білім сапасын жақсартуға ықпалын тигізетін таптырмас веб қосымша болады.

## **1 Негізгі бөлім**

### **1.1 Жобаның өзектілігі**

Елімізде мобильді қосымшаларға ұқсайтын веб қосымшалардың үлесі артып келеді, оны күнделікті пайдаланып жүрген отандық веб қосымшалардан байқауымызға болады. Тікелей ғаламтор желісіне қосылуды талап ететін бұл веб қосымшаның түрі барлық құрылғылардың браузерлерінде қолжетімді.

Satbayev Hunters веб қосымшасы негізінен университетте жұмыс істегісі келетін мамандарға арналған. Үміткер мамандар кез-келген құрылғылардың браузерлерінен веб қосымшаға кіру арқылы өтініш беру құжаттар тізімін, жалпы өтініш ережесін және сұқбат өтетін орын мен уақытымен таныса алады. Сонымен қатар үміткер кез-келген уақытта өтінішін онлайн түрде кадр бөліміне жібере алады, ал сұқбат өтіп болғаннан кейін комиссия мүшелері үміткерге дауыс береді. Бұл қосымша тек Сәтбаев Университетіне арналған жоба болып табылады.

Бұл жоба үш түрлі веб қолданушыға арналған, яғни атап өтетін болсақ, үміткер өтініш беретін парақша, комиссия мүшелеріне арналған парақша, администраторға арналған жеке парақша. Веб сервер Node.js программалау тілімен жазылған, барлық деректер қоры MongoDB негізінде жасалынған бұлттық mLab сервисінде сақталынған. Веб қосымшамен серверді бір-бірімен байланыстыру үшін Express.js және REST-API технологиясы қолданылды. Ал қолданушыға көрінетін бетті Angular 2.0 фреймворкімен жасалынды, белгілі кандидатқа дауыс беру компонентінде нақты уақыттағы (real-time) дауыстарды санап, оны басқа да комиссия мүшелеріне бірдей уақытта көрсету үшін Pusher.js фреймворкі қолданылды. Диаграммаларды дер кезінде шығару үшін Chart.js фреймворк тектес кітапхана пайдаланылды.

### **1.2 Веб қосымша жасаудың негіздері**

Веб қосымша – бұл гиперсілтемелермен байланысты веб беттер жиынтығы. Веб беттер немесе гипермәтін құжаттары тег деп аталатын арнайы командалар (tags) бар мәтін болып табылады. Бұл тегтер бет элементтерін пішімдеуді қамтамасыз етеді және графикалық нысандарды, суреттерді, гиперсілтемелерді және т.б. орналастыруға мүмкіндік береді. Веб қосымшаны құру үшін негізгі қажеттер:

- сайтты құру мақсатын анықтау;
- техникалық тапсырмаларды әзірлеу;
- сайттың доменін белгілі бір аймақта тіркеу (com, ru, kz, net)
- сайтты әзірлеу;
- хостингке сайт орналастыру;

– іздеу жүйелері мен тақырыптық каталогтарда тіркеу.

Кез-келген веб қосымшаның негізгі мақсаты клиентті веб сервермен байланыстырып, қалаған сұраныстарды жүргізуге рұқсат беру болып табылады. Веб қосымшаның бірқатар артықшылықтарын атап өтсек:

- ғаламторға кірген кез-келген қолданушыға қолжетімді;
- бағдарламалық қосымша орнатудың қажеті жоқ;
- іздеу жүйелерінде (Google, Yandex) SEO оптимизация жасауға ыңғайлы, яғни веб қосымшаны іздеу жүйелеріндегі тізбекте бастапқы орындарға шығару болып табылады;
- уақытылы жаңартулар оңай жасалынады;
- жадыда орын алмайды.

### **1.3   Өтінішті қабылдау процессіне шолу**

Өтінішті жіберу кезінде қолданушы формада берілген орындарды толтырып, жеке құжаттарын тіркеу арқылы өтініш қалдырады. Өтініш администратордың үміткерлер кестесіне түседі. Үміткерлердің өтініштері мен құжаттары бір рет мұқият тексеруден (модерация) администратор өткізеді, екінші кезеңде комиссия мүшелері сұхбаттасу кезінде тексереді. Егер өтініште қажетті құжаттар жеткіліксіз болса немесе жалпы мәліметтері дұрыс болмаса, үміткердің почтасына модерациядан өтпегені туралы хабарлама жіберіледі, қателіктерін дұрыстап қайтадан жіберуі сұранылады, ал егер барлығы дұрыс болып, модерациядан өткен жағдайда үміткердің почтасына сұхбаттасуға шақыру туралы хабарлама жіберлетін болады. Стандартқа сәйкес келмеген өтініштер администратор арқылы автоматты түрде кейін өшіріледі. Сұхбаттасу кезінде комиссия мүшелері үміткерге сұрақтар қойып болған соң, ортақ бір шешімге келу үшін дауыс береді. Сол жоғарғы дауыстың нәтижесі бойынша үміткер универге жұмысқа тұрады, ал керісінше жағдайда үміткердің сұхбаттан өтпегені хабарланады. Сұхбаттасу кезіндегі үміткер нәтижелері мен құжаттары веб қосымша деректер базасында сақталады.

Satbayev Hunters қосымшасы өтінішті қабылдау және дауыс беру кезінде бірқатар мәселелерді шешті:

- деректер мен құжаттар орталықтандырылған деректер қорында сақталған, әрбір комиссия мүшесіне кез-келген ақпарат қолжетімді;
- үміткерге онлайн дауыс беру мүмкіншілігі;
- үміткерге модерация нәтижесін почтасына жіберу, хабарландыру.

## 1.4 Жүйені модельдеу


Веб қосымшаның техникалық тапсырмаларын әзірлеу барысында жобаны модельдеу жұмыстары қатар жүреді. Ауқымды жүйе құруда нақты мақсатқа жету үшін бірыңғай модельдеу тілі қолданылады.

UML (Unified Modeling Language) – бағдарламалық жүйенің артефактілерін визуализациялау, құжаттау және модельдеу тілі. Модельдеу жүйені түсіну үшін қажет. Сонымен қатар, жүйені құру кезінде бір модель түрі жеткіліксіз болады. Сондықтан, кез-келген тривиалды емес жүйені түсіну үшін бір-бірімен өзара байланыстағы көптеген модельдерді жасау қажет. UML арқылы қосымшаның функция және архитектурасын диаграммалық, тексттік, сызба түрінде құруға болады. Бағдарламалық жасақтамаға қолданған кезде, бұл оның жүйелік архитектурасының әртүрлі көріністерін бейнелеу үшін қолданылатын тіл екенін білдіреді.

Бірыңғай модель диаграммаларында нысандар және олардың арасындағы қатынастар түрінде ұсынылады. UML моделдеу тілінде диаграммалардың көптеген түрлері бар, бірақ осы дипломдық жұмыста, түсінікті әрі оңай болғандықтан прецеденттер диаграммасын қолдандым.

Прецеденттер диаграммасы – UML диаграммаларының бірі, жүйенің динамикалық аспектілерін модельдеу үшін қолданылады. Прецеденттер диаграммалары элементтің іс-әрекетін визуализациялау, нақтылау және құжаттау үшін маңызды. Олар жүйелерді, ішкі жүйелерді немесе класстарды түсінуді жеңілдетеді, бұл элементтерді контексте қалай қолдануға болатындығы туралы сыртқы көріністі ұсынады. Прецеденттер диаграммасы экторлар (actor) мен олардың іс-әрекеттері арқылы сипатталады. Эктор (actor) – жүйедегі белгілі бір қолданушылар. Модельдеу жүйесіне қойылатын талаптар:


- жүйедегі негізгі экторларды анықтап алу;
- әр эктор үшін жүйеден күтілетін немесе талап етілетін іс-әрекеттерін қарастыру;
- белгілі экторлармен байланысатын іс-әрекеттерді біріктіріп диаграммаға сызу.



1.1-сурет – Прецеденттер диаграммасы (Use-case)


### 1.5 Ұқсас бағдарламаға шолу

IT- нарығында көптеген жекелеген кәсіпорындар өздерінің дайын өнімін клиенттерге веб қосымшасы арқылы толық ақпарат беріп, өнімді онлайн түрде сатып, веб қосымшасын табыс көзінің біріне айналдырады. Веб қосымша арқылы жекелеген кәсіпорындар өздерінің бәсеке қабілетті екенін дәлелдей алады. Соның бір мысалы ретінде Украиналық веб және мобильді қосымшаларды жасайтын компания (agilie.com). Бұл компания заманауи технологияларды қолдану арқылы сапалы Full-stack веб және мобилді қосымшасын дайындауға бейімделген және пайдалы программалауға байланысты блогтар жүргізіп тұрады. Аталмыш компанияға өзіңіздің бизнесіңізге веб қосымша жасату үшін өтініш қалдыру формасы “Satbayev Hunters”-тың өтініш беру формасына функционалдығы жағынан бірдей. Сипатталған көріністер 1.1-суретте бейнеленген.



## 1.2-сурет – “Agilie” компаниясының өтініш беру формасы

Бұл жобада клиенттік бет пен қатар комиссия және администратордың жеке беттері бар. Ол веб беттер үміткерлерге көрінбейді. Администратор веб беттің CRM (Customer Relationship Management) веб қосымшасы ретінде жасалынды, яғни қазіргі кезде көп компаниялар өздерінің қызметкерлерін басқару үшін қолданады. Осындай веб қосымшаның бірі – Insightly (insightly.com). Бұл компания дайын CRM өнімдерің клиенттерге ұсынады.



## 1.3-сурет – “Insightly” компаниясының CRM платформасы

## 2 Технологиялар бөлімі

### 2.1 MEAN stack веб қосымшасы

Бұл веб қосымша қазіргі кездегі программалаудағы соңғы технологиялардың бірігуімен жасалынған. Солардың технологиялардың бірі MEAN stack. MEAN stack веб-қосымшаларды әзірлеу үшін пайдаланылатын JavaScript технологиясы жиынтығына жатады. Осылайша, клиенттен серверге және деректер базасына дейін барлығы JavaScript тілінде негізделген. MEAN – бұл жылдам және сенімді веб-қосымшаны әзірлеу үшін пайдаланылатын Javascript технологияларының жиынтығы. MEAN – пайдаланушыға ыңғайлы динамикалық веб-сайттар мен қосымшаларды құру үшін тамаша шешім болып табылатын стек. MEAN стек төрт түрлі технологиядан тұрады:

- MongoDB – бұл NoSQL деректер қоры;
- Express JS – веб-қосымшаларды құру үшін қолданылатын фреймворк;
- Angular – Google компаниясы әзірлеген JavaScript-фреймворк;
- Node.js – JavaScript серверлік ортасы.

MongoDB – C++ тілінде жазылған ашық бастапқы коды бар кросс-платформалық деректер базасы. Ол деректерді JSON сияқты мәліметтердің екілік түрін қолдана отырып, кілт жұптарында сақтайды. Бұл құжат – NoSQL-ге бағытталған деректер қоры болып табылады. MongoDB – бұл деректер қоры жүйесі миллиондаған деректер кестелерін басқару үшін тамаша таңдау. Сонымен қатар, MongoDB-ге жаңа кесте қосу оңай, себебі ол бүкіл кестені жаңартуды талап етпейді.

Express – жеңіл серверлік фреймворк. Ол бір беттік, көп беттік және гибриді веб-қосымшаларды құруға арналған. Бұл жеңіл фреймворк үлгіні қолдану үшін Pug қозғалтқышын пайдаланады. Express – бұл Node.js үшін де-факто фреймворк болып саналады.


Angular – ашық бастапқы коды бар JavaScript фреймворк. Angular-ды Google компаниясы қолдайды. Бұл платформаның мақсаты MVC(Model View Controller) архитектурасын браузерлік қосымшаға енгізу болып табылады, бұл әзірлеу және тестілеу процесін жеңілдетеді. Бұл платформа дербестендіруді қолдайтын ақылды веб қосымшаны жасауға көмектеседі. Angular үлгі тілі ретінде HTML гипермәтіндік тілді пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша, қолданба компоненттерін көрсету үшін HTML синтаксисін кеңейте аласыз.

Node.js веб-серверлерді жасауға және оларға веб-қосымшаларды жасауға мүмкіндік береді. Бұл Javascript-тің серверлік ортасы. Node.js басқару енгізушығару моделін пайдаланады. Бұл оны оңай әрі тиімді етеді. MEAN stack архитектурасының әр түрлі компоненттерінің негізгі функциялары:

- Angular: сұрауларды қабылдау / соңғы пайдаланушыға нәтижелерді көрсету;
- Node.js: клиенттік және серверлік сұраныстарды өңдеу;
- Express JS: деректер базасына сұраныстарды орындау / жауапты қайтару;



– MongoDB: деректерді сақтау/шығару.



## 2.1-сурет – MEAN stack архитектурасының диаграммасы

- біріншіден, клиент Angular өңдейтін сұраныс жасайды;
  - содан кейін сұрау Node.js бөліміне жылжиды, ол сұранысты талдайды;
  - express деректерді алу немесе орнату үшін MongoDB-ге сұраныс жасайды;
  - mongoDB-ден қажетті деректерді алып, Express-ке сұранысты қайтарады;
  - Node.js клиентке сұранысты қайтарады;
  - алынған дерек Angular клиент жағында көрінеді.
- Жоғарыда аталған технологияларды келесі бөлімдерде жеке қарастыратын боламыз.

## 2.2 MongoDB кроссплатформалық деректер базасы

MongoDB – бұл құжатталған NoSQL, яғни үлкен көлемді деректерді сақтау үшін қолданылады. Таблицалар мен жолдарды дәстүрлі реляциялық деректер базасындағы сияқты пайдаланудың орнына MongoDB коллекциялар мен құжаттарды пайдаланады. Құжаттардың кілттік мәні – MongoDB негізгі деректер бірлігі болып табылатын мән. Коллекцияда реляциялық деректер қоры кестелерінің баламасы болып табылатын құжаттар мен функциялар жиынтығы бар. MongoDB ерекшеліктері:

- әрбір дерекқор коллекциядан тұрады, олар өз кезегінде құжаттардан тұрады. Әрбір құжат әр түрлі ортада болады. Әрбір құжаттың мөлшері мен мазмұны бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін.

– құжат құрылымы көбінесе тиісті бағдарламалау тілдерінде өз сыныптары мен объектілерін қалай құратынына байланысты сәйкес келеді.

– mongoDB қол жетімді деректер моделі иерархиялық қатынастарды оңай ұсынуға, массивтер мен басқа да күрделі құрылымдарды сақтауға мүмкіндік береді.

## 2.1-кесте – MongoDB архитектурасының негізгі компоненттері

<b>_Id</b>	<b>SubId</b>	<b>CandidateName</b>	<b>docsSrc</b>
563479cc8a8a4246bd27d784	111	Kenessary	File.pdf
563479cc7a8a4246bd47d784	112	Zakir	Text.txt
563479cc9a8a4246bd57d784	113	Keness	Docs.exe

*\_id* – әрбір MongoDB құжатында қажетті компонент. *\_id* компоненті MongoDB құжатында бірегей мән болып табылады. *\_id* компоненті құжаттың бастапқы кілтіне ұқсайды. Егер жаңа құжатты *\_id* компонентсіз жасасаңыз, MongoDB автоматты түрде бұл компонентті жасайды. Мысалы, жоғарыда келтірілген Submission кестесінің мысалын көрсек, MongoDB коллекциядағы әрбір құжатқа 24 таңбалы бірегей идентификаторды қосады.

*Коллекция* – MongoDB құжаттарын топтастырады. Коллекция – Oracle немесе MS SQL сияқты кез келген басқа RDMS-де жасалатын кестенің баламасы. Коллекция бір дерекқор ретінде бола алады. Коллекциялар ешқандай құрылымды бұзбайды.

*Курсор* – бұл нәтижені сұрау жиынының көрсеткіші. Клиенттер нәтиже алу үшін курсор арқылы итерацияны орындай алады.

*Деректер қоры* – коллекцияларға арналған контейнер. MongoDB сервері бірнеше деректер қорын сақтай алады.

*JSON* – бұл JavaScript объектілік нотасы. Бұл құрылымдалған деректерді білдіру үшін ыңғайлы, қарапайым мәтіндік пішім. Қазіргі уақытта JSON көптеген бағдарламалау тілдерінде қолдау көрсетеді.

## 2.3 Express.js фреймворкі

Express.js – Node.js-тың веб қосымшалар жасауға көмектесетін фреймворкі. Веб қосымшаны тез әрі оңай жасауға ықпал ететін ерекшелігі бар, қосымша жасау барысында тек Node.js-ты қолданса көп уақыт кетеді.

Express.js аралық бағдарламалық қамтамасыз ету модулі connect деп аталады, ол өз кезегінде http-модульді пайдаланады. Осылайша, connect-ке негізделген кез келген аралық бағдарламалық жасақтама Express-пен жұмыс істейтін болады.



**2.2-сурет – Express.js архитектурасының диаграммасы**

Express.js-тің артықшылықтары:

- Node.js-тің тез әрі оңай жұмыс істеуіне әсер етеді;
- қолданба роутерлерін(routers) HTTP және URL-адрестері негізінде анықтайды;
- сұрау және жауап бойынша қосымша тапсырмаларды орындау үшін пайдалануға болатын аралық бағдарламалық(middlewares) қамтамасыз етудің түрлі модульдерін қамтиды;
- қателерді өңдеу үшін аралық бағдарламалық жасақтаманы анықтауға мүмкіндік береді;
- REST API серверін жасауға мүмкіндік береді;
- MongoDB, Redis, MySQL сияқты деректер қорына оңай қосылады.

## **2.4 Angular 2.0 фреймворкі**

Angular – Javascript фреймворкі мобильді және десктопты веб-қосымшаларды әзірлеу платформасы. Angular үлкен және күрделі бизнес логикалық қосымшалар жасауға мүмкіндік береді. Angular AngularJS-тың жаңартылған нұсқасы болғандықтан көптеген артықшылықтар мен ерекшеліктер пайда болды, және осы тұрғыдан жоғары масштабтауға ие болды. Angular 2.0 фреймворкінің бірқатар артықшылықтары :

- Google, Microsoft компанияларынан қолдау тапқан;
- әзірлеуші құралдарымен қамтамасыз етеді (CLI);
- жобаның бірыңғай құрылымы бар;
- TypeScript (қатаң типизацияланған кодты жазу мүмкіндігі);
- Rxjs реактивті бағдарламалауы бар;
- HTML кеңейтуіне негізделген үлгілер;
- кроссбраузерлік Shadow DOM;
- Http, WebSockets, Service Workers кроссбраузерлік қолдау;
- React, Vue деңгейіндегі фреймворк;

– үлкен комьюнити.

Angular кез келген күрделілік деңгейіндегі өндірістік және жылдам жұмыс істейтін қосымшаларды әзірлеу үшін келесі тұжырымдамаларда сипатталған:

*Form Builder* – күрделі формаларды жасау үшін декларативті форманың орнына реактивті формаларды қолдану қажет. Жақсы мысалдардың бірі (реактивті форма + валидация);

*Change Detection* – Angular деректер үлгісін екі жақты байланыстыруды пайдаланғандықтан, мұндай деректердің үлкен көлемімен жұмыс істегенде қолданбалар баяу жұмыс істейді, сондықтан кейбір жағдайларда өзгерістерді анықтаудың дұрыс стратегиясын ойластыру керек. Түрлі Open Source жобаларын көре аласыз: Priming, Angular Material, Clarity UI, Angular Bootstrap және басқалары, олар барлық ChangeDetection.OnPush пайдаланады.

*Routing* – бұл веб-қосымшаларды әзірлеудегі негізгі құбылыстардың бірі. Бұл жерде маршруттау компоненттер сияқты өмірлік циклы бар екенін түсіну өте маңызды, оны түсіну арқылы қосымшаларды жазуға болады. Айта кету керек, егер маршруттардың қайсыбірінде сіз осы маршрут бойынша бетті көрсетуге жауап беретін компонент емес, модульді енгізсеңіз, модуль талап ету бойынша бетте жүктелетін болады.

### 2.4.1 Angular 2.0 қосымшасының архитектурасы

#### *Модуль*

Angular қосымшаның проектілік архитектурасы модульдерден басталады. Модуль дегеніміз – қосымшаны құру үшін басқа модульдермен біріктіруге болатындай, өзара байланысты компоненттерді, директиваларды, каналдар мен қызметтерді топтастырудың тетігі. Олардың әрқайсысында өзіндік құрылымдық элементтер бар:

- компонент (component) – веб-беттің бөлігіне жауап береді және HTML шаблонын, CSS стильдерін және мінез-құлық логикасын қамтиды;
- сервис (service) - компонент үшін мәліметтер жеткізушісі;
- директива (directive) – DOM белгілі бір бөлігін белгілі бір жолмен түрлендіреді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы AppModule деп аталатын түбірлік модульде жинақталады.

@NgModule () – объектіні сипаттайтын модульді қабылдайтын декоратор.

#### *Компонент*

Компонент – бұл өзіндік логикасы бар қолданбалы интерфейс бөлігі. Angular қосымшасының барлық көрінетін бөлігі компоненттерді қолдану арқылы орындалады. Компоненттердің жасалуына @Component () декораторы жауап береді. Декоратор қабылдайтын негізгі мәндер:

- селектор – компоненттің атауы;

- шаблон (немесе `templateUrl`) – HTML ретінде жолды белгілеу (немесе HTML файлына апаратын жол);
- провайдерлер – компонент үшін деректерді ұсынатын қызметтер тізімі;
- стильдер – жасалатын құрамдас бөлікке арналған стильдерден тұратын CSS файлдарына апаратын массив.

### *Сервис*

